

ӘОЖ 338.43(574)

С.М. Ескараева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

E-mail: eska_salta@mail.ru

ДСҰ-ға кіру қарсанындағы Қазақстан Республикасы агроөнеркәсіптік кешенінің экономикалық қауіпсіздігі

Аңдатпа. Бұл мақала ДСҰ-ға кіру қарсанындағы ҚР агроөнеркәсіптік кешенінің экономикалық қауіпсіздігіне баса назар аударуы жайлы жазылған. Қазақстанның көптеген өнімдері бойынша импортқа тәуелділігі, сондай-ақ Еуроодақ пен Кеден одағы арасындағы қайшылықтары көрсетілген. Осындай мәселелерді шешуі үшін мемлекет дер кезінде тиісті шараларды, аграрлық саясатты жүзеге асыратын мақсатты мемлекеттік бағдарламаларды қолданып, экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуі тиіс.

Түйін сөздер: ДСҰ, Кеден Одағы, агроөнеркәсіптік кешен, экономикалық қауіпсіздік, бәсекеге қабілеттілік, импортқа тәуелділік, экспорт, импорт.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстан 2050 жылға қарай әлемнің ең дамыған отыз елінің қатарында болуға тиіс екенін айтты. Дамушы елдер арасында осы бәсекелестік қатал болып, күн астындағы орын тек ең мықтыларға арналғанын нақты сезіне отырып, ұлтымыз жаһандық экономикалық тайталасқа дайын болуына шақырды. Бәсекеге ең қабілетті салаларда отандық өндірушілер үшін жаңа нарықтық тауарлар қалыптастыру стратегиясын белсенді әзірлеуі, ДСҰ-ға кіру перспективаларын ескере отырып, кері индустрияландырудың ықтимал ыдыратушы әсерлерін болдырмауға мүмкіндік беретіндігін де айтып кетті. Сондай-ақ отандық тауарлардың бәсекеге қабілетті болуы тиіс екенін атап өтті [1].

Сондықтан да экономиканың ғаламдануы уақытында біз аграрлық нарықтың экономикалық қауіпсіздігі мен елдің экономикалық қауіпсіздігіне баса назар аударуымыз қажет.

Қазақстан Республикасы ТМД-дағы жылдам дамушы елдердің бірі ретінде, стратегиялық ресурстардың үлкен қорына ие бола отырып, барына кеңейіп жатқан әлемдік интеграциядан шет қала алмайды. Қазіргі уақытта әлемдік аграрлық экономиканың және демографияның жаңа үдерістері қалыптасып келеді, аймақтардағы

интеграциялық үдерістері де дамуда, ғаламдық климаттың өзгеруі өтуде. Қазақстан Кеден Одағына еніп, жақын арада Дүниежүзілік Сауда ұйымына кіруді де болжап отыр.

ДСҰ-ға соңғылардың бір болып Ресей 2011 жылдың 16 желтоқсанында енді. Ал Қазақстан бұл ұйымға кірудің шешуші келіссөздер жүргізу кезеңінде және жақын арада бұл ұйымға мүше болуы да мүмкін.

Қазақстан ДСҰ-ның қатысушысы ретінде өз өнімдерін бүгінгі төлеп жүрген салықтарсыз сыртқа шығару құқығына ие болады. Сонымен қатар Қазақстан мен басқа да қатысушы елдер арасында өзара тиімді достық қарым-қатынастар пайда болады. Осыған байланысты басшылық саудадағы тең әріптестік құқығын алуға бағытталған белсенді саясат жүргізуде, бұларға қол жеткізу ДСҰ-ға мүше болумен тығыз байланысты. Бүгінгі күнде қазақстандық нарыққа Жұмыс тобының мүше елдерімен тауарлар мен қызметтерін жеткізу туралы екіжақты келісімдер жасалды. Нарыққа тауарлар жеткізу бойынша 30 елмен, ал қызметтер жеткізу бойынша ДСҰ-ға мүше 14 елмен келіссөздер жүргізілді. Осылайша, нарыққа тауарлар мен қызметтер жеткізу бойынша келіссөздер жүргізу аяқталды деп айтуға болады. Тек ауылшаруашылығы бойынша көпжақты келісімдер аяқталмауда, жақын арада бұл келіссөздерді жүргізу де аяқталады деп күтілуде [2].

Алайда ауылшаруашылығы саласындағы төмен еңбек өнімділігі, пайдаланылып жатқан технологиялардың дамымауы, өндірістің ұсақ тауарлануы ауылшаруашылығы өндірісін интенсивті негізде жүргізуге, материалдық, еңбек және басқа да ресурстардың барынша толық пайдаланылуын қамтамасыз етуге, экологиялық талаптарды сақтауға мүмкіндік бермеуде. Бұл факторлар отандық аграрлық сектордың бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді, бұл, өз кезегінде, ДСҰ мен Кеден Одағы жағдайында шетелдік өнімдер импортының басым болуына, жергілікті өндірушілердің сату нарығынан ығысуына алып келуі мүмкін [3].

1-кесте – 2011 ж. Қазақстандағы азық-түлік импорт/экспортының балансы мың.АҚШ.долл


Азық-түлік	Экспорт, орташа 2007-2011ж., мың. АҚШ. долл	Импорт, орташа 2007-2011 ж., мың. АҚШ. долл
Бидай	956 676	4 258
Мақта талшығы	110 051	12 773
Арпа	93 904	17 803
Балық	79 391	33 127
Көкөніс	35 466	52 514
Күріш	15 438	13 066
Зығыр	4 085	222
Жүн	2 339	136
Сүт	1 595	132 126
Жүгері	1 527	1 182
Алма	1 510	37 628
Күнбағыс	1 272	13 208
Соя бұршақтары	929	3 363
Сұлы	866	17
ҰҚМ еті	797	306
Құс еті	368	108 009
Қаракұмық	298	776
ІҚМ еті	192	22 734
Картоп	163	20 504
Қара бидай	135	80
Шошқа еті	-	11 183
Жылқы еті	-	6 036

Дерек көзі: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті

АӨК-нің көптеген өнімдерін өңдеу бойынша Қазақстанның импортқа тәуелділігі қалыптасты, мәселен, жеміс, көкөніс өнімдері, ет, сүт өнімдерін өңдеу бойынша импортқа тәуелділік артуда.

Тағам өнімдерінің арасында ішкі нарықты тек бидаймен, сәйкесінше, нан өнімдерімен толық қамтамасыз ете аламыз. Ұнды қоса алғандағы дәнді дақылдар экспортының көлемі 60%-ға артып, 7,8 млн тоннаны құрады. Бұл еліміздің бидай экспорттаушылардың ондығына, ал ұн экспорты бойынша әлемде алдыңғы орынға шығуына мүмкіндік берді. Бидай өндірудің жылдық орташа көлемі соңғы 5 жылда 30%-ға артты. Тұрақты егін түсімі мен қазақстандық бидайдың сапасы Қазақстанның бидай мен ұн экспорттаушылардың үздігі ретінде көрінуіне жағдай жасап отыр. Қазақстандық дақылдар әлемнің 70-ке жуық елдеріне экспортталады [4].

2011-12 жылдарда Өзбекстан қазақстандық бидай мен ұнның экспорттық нарығының 22%-ын алды. Алдыңғы жылы да бұл үлесі айтарлықтай аз болған жоқ. 2010-2011ж бидай мен ұнның экспорттық көлемі 32% құрады. Бұл ең үлкен көрсеткіш еді. Бірақ жалпы экспорттың көлемі аз болды, яғни 5149 мың тоннаны құрады [5]. Алдыңғы жылдары оның үлесі бұл көрсеткіштен аз болды. Үлесі бойынша жоғары келесі импорттаушылар Өзірбайжан – 10%, Тәжікстан – 10%, Иран – 9%, Ауғанстан – 9% және Түркия – 9%. Бұл елдердің барлығы Өзбекстанмен қатар бидай мен ұн импорты көлемінің тұрақты динамикасын сақтап келеді.



1-сурет – Бидай баламасындағы ұнды қоса алғандағы бидай өнімі мен экспортының динамикасы, мың.тонн

Егін түсімінің экспорт көлеміне артуына қатынасы 1:2,1 – 1:2,3 көрсеткішін құрап отыр. Яғни егін түсімінің абсолютті өсімі экспорттың да сәйкесінше артуына жағдай жасамай отыр, керісінше бидай қалдықтарының артуына алып келуде. Мысал үшін: 2010-11 жылдармен салыстырғандағы 2011-12 жылдардағы егін түсімінің артуы 14776 мың тоннаны құраған, ал экспорттың өсімі 7621 мың тоннаны ғана көрсеткен, мұның өзіне бидай тасымалына экспорттық субсидиялар арқылы қол жеткізілген. Бұдан көретініміз, қазақстандық экспорт

нарығында аймақтық нарықтың ерекшеліктеріне байланысты елеулі тежеуші факторлар бар. Болашақта экспорттық стратегия жасау үшін осы факторларды анықтау қажет.

Кестеден көретініміздей, Қазақстандағы егін түсімі көлемі мен оның экспорттық әлеуетіне байланыссыз қазақстандық бидайды тұрақты тұтынушылар бар. Мысалы, жоғарыда аталған Өзбекстан соңғы бес жылда өздерінің ішкі егін көлеміне қарай, 1-2 млн тонна көлемінде сатып алып отырды. Тек соңғы жылда бұл көрсеткіш 800 мың тоннаға артты. Мұның себебі біріншіден, осы кезеңдегі бидай көлемінің артық болуы мен қоймалардың жетіспеушілігі салдарынан Қазақстан тарапынан тиімді баға ұсыныстары, екіншіден, Өзбекстанның ұн тарту қажеттіліктерінің артуына байланысты. Көріп отырғанымыздай, 2010-11 жылдарда Қазақстанның экспорт ұсынысының төмендеуі Өзбекстанның бидайды импорттауының көлемін азайтпаған.

Жоғарыда айтылғандарды Тәжікстанға да қатыстыруға болады. Сатып алу көлемі мұнда төменірек болғанымен, соңғы жылдарда импорттаудың тұрақты көлемі сақталып келеді [5].

ҚР Статистика агенттігінің мәліметтеріне сәйкес, тек осы жартыжылдықтың ішінде 2 млрд АҚШ доллары көлемінде импорттық тағам са-

тып алған. Болжам бойынша, бұл көрсеткіш жылдың соңына дейін 4 млрд долларды құрауы мүмкін. Жыл сайын Қазақстанның импорт көлемі артуда. Соның ішінде, жоғары сұранысқа ие қымбат бағадағы жеңсік ас емес, күнделікті тұтынылатын макарон өнімдері, жарма, сусындар, жұмыртқа, ет, май, қант, көкөніс, консерв өнімдері, сүт өнімдері сияқты азық-түлік түрлері ие [6].

Жыл сайын Қазақстанда өндірілетін ет өнімдері 1646 мың тоннаны құрап отыр. Алайда бұл тек сойылған мал басы салмағының көрсеткішін құрайтындықтан, таза ет өнімі 800 мың тоннаны құрайды. Яғни, ішкі нарықтағы сұранысты толық қамтамасыз ету үшін қосымша 200 мың тоннаны импорттауға мәжбүр болып отырмыз [7].

Шұжық өнімдерін тұтытудағы импорттың көлемі – 40%-ға жуық, қант өнімдері – 90%, сүт және сүт өнімдері бойынша – 15%, орамжапырақ – 31%, алма – 89%. Салыстыру үшін, АҚШ пен Францияда өзін-өзі азық-түлікпен қамтамасыз ету деңгейі – 100%, Германияда – 93%, Италияда – 78%. Жеміс-жидек пен көкөніске ішкі сұраныс көршілес республикалардан экспорттау арқылы қанағаттандырылады. Мысалы, 2012 жылы тұтынылған картоптан басқа көкөністің 89%-ы шетелдерден әкелінген [8].

2-кесте – Негізгі импорттаушы елдер бойынша Қазақстандық бидай экспортының абсолютті мәні

Ел /жыл	2007-08	2008-09	2009-10	2010-11	2011-2012
Егін түсімі	20138	15578	20831	12185	26961
Жалпы экспорт	8887	6545	8826	5149	12770
Өзбекстан	977,57	1439,9	1765,2	1647,68	2809,4
Әзірбайжан	710,96	130,9	1059,12	669,37	1277
Тәжікстан	888,7	916,3	970,86	875,33	1277
Ауғанстан	444,35	1505,35	1765,2	411,92	1149,3
Түркия	888,7	261,8	529,56	411,92	1149,3
Иран	177,74	850,85	970,86	102,98	1149,3
Мысыр	710,96	-	441,3	81,49	383,1
ЕО	977,57	261,8	264,78	325,96	510,8
Ресей	266,61	130,9	88,26	81,49	383,1
Қытай	-	-	-	-	255,4
Грузия	177,74	65,45	176,52	325,96	510,8
Қырғызстан	444,35	523,6	441,3	570,43	638,5
Басқа елдер	2221,75	458,15	706,08	205,96	1277

Дерек көзі: Дәнді дақылдар аналитикасы және жаңалығы/ Казах-Зерно.kz

Мұндай жоғары импортқа тәуелділік Қазақстандағы кейбір өндіріс салаларының істен шығуына алып келеді.

Еуроодақ елдері мен Кеден Одағы елдерінің арасында біршама қайшылықтар бар екені белгілі. Мысалы, Қазақстан мен ЕО арасындағы экспорттық кедендік алымдарды пайдалану құқығы бойынша күрделі келіссөздер 4 жылға созылып келеді. Көпжақты келіссөздерге келетін болсақ, бұл соңғы кезеңдегі ең күрделі келіссөзге «ауылшаруашылығын субсидиялау көлемі мен бидай экспортына тасымал субсидияларына құқық» бойынша сұрақтар жатады. Жоғарыда келтірілген мәліметтерге сәйкес, Қазақстан ірі бидай экспорттаушылар қатарына кіреді, ал Канада, Аустралия, АҚШ сияқты бидай экспорттаушы ДСҰ-ға мүше елдер Қазақстанның экспорттық субсидияларын пайдалануына қарсылық көрсетуде. Бірақ Қазақстанның теңізге шығу мүмкіндігі болмағандықтан, ең жақын ресейлік портқа тасымал шығындары әр тоннадан 136 АҚШ долларын құрайды. Ал Қазақстан келіссөз жүргізіп жатқан елдерде бұл шығын 17 доллардан 40 долларға дейін құрайды. Сондықтан еліміз үшін экспорттық субсидиялар құқығын сақтап қалу аса маңызды [9].

Сонымен қатар Кеден Одағы елдері арасында да келіспеушіліктер бар. Ішкі алымдардың алынып тасталғанына қарамастан, көршілес елдерге кейбір өнім түрлерін шығаруды тежеудің түрлі тәсілдері бар. Бұл тәсілдерді Ресей техникалық ережелерді бірыңғайландыруды талап ете отырып, жиі пайдаланады. Әзірге қазақстандық сүт өнімдерінің техникалық ережелері ресейлік ережелерге сай келмейді. Осыған байланысты бұл өнімдерді ресейлік нарыққа шығару мүмкін болмай отыр [10].

Қазақстандық өндірушілер Кеден одағының техникалық ережесінің жобасындағы сүт және сүт өнімдерінің орнына «сүт сусындары» терминінің бекітілуіне қарсы. Мұндағы барлық келіспеушіліктер сатып алушыларды өзінің толықтығы туралы күмәнге қалдыратын «қалпына келтірілген сүт» терминін бұрыс түсінуден басталады. Осыған сәйкес сүттің концентратталған түрінен жасалған сұйық сүт өнімі сүт деп атала алмайды. Мұның орнына жобаға «сүт сусыны» деген термин енгізілген, мұның бірыңғай анықтамасы жоқ. Алайда қалпына келтірілген сүттен «қалпына келтірілген» деген сөзсіз дайын сүт өнімін (ірімшік, айран, қаймақ) шығаруға болады. «Сүт сусыны» термині тұтынушыларға

күмән тудыруы мүмкін, себебі ол сүтпен емес, десерт өнімімен байланысты қабылдануы мүмкін. Алайда «қалпына келтірілген сүт» терминінің қарсыластары ғылыми дәлелі керісінше болса да, мұның толық емес әрі қауіпті екенін дәлелдеуге тырысады.

Мұндай техникалық ережені қабылдау Қазақстанның тек сүт өнімін өндіру саласына ғана емес, мал шаруашылығына да, сондай-ақ ұлттық экономика мен азық-түлік қауіпсіздігіне де қатер тудыруы мүмкін.

Мұның себебі таза сүттің сүт өнімдеріндегі үлесі жоғары, яғни 50%-ды құрайды. Белгілі мерзімдер арасында сүт өнімінің тапшылығы сезіледі, сондықтан келтірілген сүттен қалпына келтірілген сүтті қолданбаса, кәсіпорындарға өз жұмысын тоқтатуға тура келеді. Мұнымен қоса, Қазақстанның ішкі нарығы импортталған тауармен толықтырылады, себебі «сүт сусыны» сүттің орнына сұранысқа ие болмайды. Осылайша, Кеден одағы ұсынған «қалпына келтірілген сүт», «қалпына келтірілген сүтті өңдеу өнімдері», «ауыз сүті», «сүт сусыны» деген терминдер және олардың анықтамасы ғылыми негізге ие емес және әлемдік тәжірибеге қарама-қайшы. Бұл талаптар сүт өндірушілердің мүддесін емес, шетелдік қатысуы бар ресейлік ірі компаниялардың мүддесін сүт нарығын, соның ішінде, қазақстандық нарықты жаулап алу мақсатында қорғап отырғаны анық [11].

Тағы бір мысал, қазақстандық ет өнімдерінің Ресейге өткізілуіндегі кедергілермен байланысты. Ресейлік бақылау қызметтері санитарлық нормаларға сай келмейтін өнім ретінде тек Павлодар облысының ет өнімдерін таныса да, РФ-ға ет өнімдерін импорттауға 11 облыстың кәсіпорындарына тыйым салды. Яғни, еліміз бәсекеге қабілетті осы аз ғана салалардың өзінде Ресей тарапы отандық өнімдерді өз аумағына өткізбедің түрлі шараларын ойлап табуға [12].

Жоғарыда көріп отырғанымыздай, мемлекет дер кезінде тиісті шаралар қолданбаса, отандық кәсіпорындар нарықтағы орнын жоғалтып, Еуроодақ пен Кеден одағы елдеріне тәуелді болып қалу қаупі бар. Сондықтан АӨК-нің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінде мемлекет аграрлық саясатты жүзеге асыратын мақсатты мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыруы тиіс. Біздің ойымызша, тек мемлекеттің қолдауы АӨК саласына кеңейтілген өндіріс пен артып жатқан

сұранысты сапалы азық-түлікпен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

АӨК-нің экономикалық қауіпсіздігін арттыру, бірінші кезекте, аймақтық аграрлық секторды басқару жүйесін жетілдіру арқылы мүмкін болады. Алайда, отандық аграрлық өндірістің бәсекеге қабілеттілігі мен оның экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету аймақтық АӨК жағдайынан тәуелді болатынын естен шығармау керек.

Әдебиеттер

1 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан халқына Жолдауы

2 Айтжанова Ж. ДСҰ ұйымына кіру қарсанындағы келіссөздер процесі аяқталу кезеңінде <http://globaltse.com/news/951.html> / 27.03.2012

3 Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамыту жөніндегі 2013 - 2020 жылдарға арналған бағдарлама. (Агробизнес 2020)/ Астана 2012

4 Кушербаев К. Қазақстан бидай экспортының көлемі 5 жыл ішінде 60 % өсті. <http://www.zakon.kz/kazakhstan/4526511-za-5-let-obem-jeksporta-zerna.html> / 23 ноябрь 2012, 16:44

5 Соңғы 5 жылда Қазақстанның бидай және

ұн экспортында Өзбекстан көш бастап тұр http://www.kazakh-zerno.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=68853:2012-11-27-03-12-45&catid=14&Itemid=108 / 27.11.2012 09:09

6 Қазақстанға тек 1-жартыжылдықта 2 миллиард АҚШ долларына жуық импорттық тағам әкелінді/ <http://www.zakon.kz/4510958-v-kazakhstan-tolko-za-pervye-polgoda.html> / 31тамыз. – 2012.

7 Азық-түлік импорттық жағдайда / Караван. – № 35. – 31тамыз. – 2012.

8 Азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселелері Қазақстанда жеткілікті/Деловой Казахстан. – № 35 (332). –13.09.2012.

9 ДСҰ толық кіруіне Еуроодақ кедергі келтіруде/<http://wto.wtcmoscow.ru/calendar/novosti/304> 17.10.2012

10 Кеден кооперациясының артықшылықтары мен кемшіліктері/www.ng.ru/courier/2012-04-02/11_tamozhnia.html / 2012-04-02

11 Қазақстан өндірушілері КО техрегламентінің жобасында “Сүт сусыны” терминіне қарсы шықты / <http://tengrinews.kz/sng/kazahstanskije-proizvoditeli-vyistupili-protiv-termina-molochnyiy-napitok-proekte-220192/> 12.09.2012, 11:55

12 Бір жарым өткеннен соң Кеден одағы/<http://exclusive.kz/articles/expertise/6333> /14.09.2011.

С.М. Ескараева

Экономическая безопасность агропромышленного комплекса Казахстана в преддверии вступления в ВТО

Данная статья написана о важности обеспечения Экономической безопасности агропромышленного комплекса Казахстана в преддверии вступления в ВТО. Показаны ряд противоречий Казахстана между странами ЕС, Таможенного союза, а также импортозависимость Казахстана по многим видам продукции. Для решения вышеуказанных проблем государству необходимо своевременно предпринять соответствующие меры, используя государственные целевые программы, и тем самым обеспечить экономическую безопасность страны.

Ключевые слова: ВТО, Таможенный Союз, агропромышленный комплекс, экономическая безопасность, конкурентоспособность, импортозависимость, экспорт, импорт.

S.M. Yeskarayeva

Economic safety of agro-industrial complex of Kazakhstan in anticipation of accession to WTO

This article is written about the importance of ensuring the economic safety of agriculture of Kazakhstan in anticipation of joining to WTO. It has been shown a number of contradictions of Kazakhstan between EU countries, the Customs union, and also import dependence of Kazakhstan by many types of production. For the solution of the above problems the state needs undertake appropriate measures timely, using the state target programs and by that ensure economic safety of the country.

Keywords: WTO, Customs Union, agro-industrial complex, economic safety, competitiveness, import dependence, export, import.